ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ
МАҢҒЫСТАУ АУДАНЫ

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
МАҢҒЫСТАУ АУДАНЫ
БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«БОЗДАҚ
БАСТАУЫШ МЕКТЕП»

КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
№ 14
«04» 03 2026 ж.

«Karatau Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Шағымға жауап

Тапсырыс беруші Сіздің **№ 16334347-1** хабарландыру бойынша **№ 280538** арызыңызды қарап, келесіні хабарлайды:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» 212-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылмайды) конкурсқа жіберілмейді егер:

мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде олар туралы мәліметтер расталатын рұқсаттар мен хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған (бағытталған) рұқсаттардың (хабарламалардың) болмауы. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде мәліметтер болмаған жағдайда әлеуетті өнім беруші рұқсаттар мен хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған (бағытталған) тиісті рұқсаттардың (хабарламалардың) нотариалдық куәландырылған көшірмесін ұсынады

Конкурс құжаттамасының талабы бойынша Тапсырыс берушімен келесі рұқсат түрлері талап етілді:

Күзет қызметімен айналысу;

Күзет қызметтерінің барлық түрі, оның ішінде террористік тұрғыдан осал объектілерді күзету;

Заңды тұлғалар жұмыскерлеріне қызметтік қару және оған патрондарды сақтауға жәнетасымалдауға рұқсат беру;

Заңды тұлғаларға қызметтік қаруды және оған патрондарды сақтауға рұқсат беру.

Сізбен конкурстық өтінімде сұратылған екінші санаттағы рұқсаттар: Заңды тұлғалар жұмыскерлеріне қызметтік қару және оған патрондарды сақтауға және тасымалдауға рұқсат беру, Заңды тұлғаларға қызметтік қаруды және оған патрондарды сақтауға рұқсат ұсынылымағандықтан, конкурстық өтініміңіз конкурсқа жіберілмеді.

Конкурсты қарастыру барысында конкурс комиссиясы тек конкурс құжаттамасына берілген құжаттар негізінде қарастырады, бұл құжаттарды толықтыруға жол берілмейді, яғни, сіздің беріп отырған құжаттарыңыз конкурс құжаттамасына берілмеген.

Сізде конкурс құжаттамасында толық ақпарат берілмеген, яғни, құжат атауы көрсетілмеген, ол құжатты ақпараттық сайттардан тексеру мүмкін емес.

Баяндалғанның негізінде, Сіздің арызыңыз қанағаттандырылусыз қалдырылады.

Осы жауаппен келіспеген жағдайда, сіз оған Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 91-бабында көзделген тәртіппен шағымдануға құқылысыз.

Мектеп меңгерушісі: **А.Бүркіт**